



Өңірлердегі инфляциялық үрдістер

Наурыз 2025

Жылдық инфляция 2025 жылғы наурызда 10,0%-ға дейін жеделдеді (ақпанда – 9,4%). Азық-түлік пен азық-түлікке жатпайтын тауарлар, сондай-ақ ақылы көрсетілетін қызмет бағасының жылдық мәнде өсуі тиісінше 7,6%-ға (ақпанда – 6,5%), 9,1%-ға (ақпанда – 8,7%) және 14,3%-ға (ақпанда – 14,1%) дейін жеделдеді.

Өңірлер арасында жылдық инфляция 16 өңірде жеделдеді және 4 өңірде баяулады. Жылдық инфляция жалпы республикалық деңгейден жоғары 7 өңірде қалыптасты. Инфляцияның ең жоғары мәні Астана қаласында (13,3%) тіркелді.

1-сурет. Өңірлердегі жылдық инфляция (2024 наурыз – 2025 наурыз), %-бен

Астана қ.	9,4 ————— 13,3
Қарағанды	10,8 ————— 12,1
Ақмола	9,0 ————— 12,0
Батыс Қазақстан	8,6 ————— 10,9
Алматы қ.	9,7 ————— 10,4
Ұлытау	9,0 ————— 10,4
Шығыс Қазақстан	9,7 ————— 10,1
Қазақстан Республикасы	9,1 ————— 10,0
Солтүстік Қазақстан	9,7 ————— 10,0
Атырау	9,2 ————— 9,7

Абай	9,3 ————— 9,6
Маңғыстау	10,1 ————— 9,6
Ақтөбе	8,8 ————— 9,4
Түркістан	8,0 ————— 9,2
Қостанай	8,3 ————— 9,0
Қызылорда	8,1 ————— 9,0
Жетісу	9,2 ————— 8,7
Шымкент қ.	9,1 ————— 8,4
Жамбыл	8,5 ————— 8,2
Алматы	6,5 ————— 7,8
Павлодар	9,8 ————— 6,9

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

Қазақстанда азық-түлік тауарлары Ақмола (10,6%), Қарағанды облыстарында (10,1%), Астана қаласында (9,0%), Шығыс Қазақстан және Абай (8,5%-дан), Алматы және Ұлытау (8,1%-дан), Ақтөбе және Жетісу (7,9%-дан), Солтүстік Қазақстан (7,8%) және Маңғыстау облыстарында елде қалыптасқан деңгейден (ж/ж 7,6%) жоғары (7,7%) қымбаттады.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасы Түркістан (15,2%), Маңғыстау (11,8%), Солтүстік Қазақстан (11,2%), Ұлытау (10,8%), Қарағанды және Абай (10,3%-дан), Атырау облыстарында (10,1%), Ақмола облысында және Астана қаласында (9,4%-дан), Шығыс Қазақстан (9,3%) және Қызылорда облыстарында (9,2%) елде қалыптасқан деңгейден (ж/ж 9,1%) жоғары өсті.

Ақылы көрсетілетін қызмет бағасы Батыс Қазақстан өңірінде (19,1%), Астана қаласында (18,6%), Ақмола (18,5%) өңірінде, Алматы қаласында (16,8%), Қарағанды (16,1%), Атырау (14,8%) және Жамбыл (14,7%) өңірлерінде жалпы республикалық деңгейден (ж/ж 14,3%) жоғары өсті.

1-кесте. Өңірлер бойынша ТБИ негізгі компоненттері, %-бен, ж/ж

Өңір	Азық-түлік инфляциясы	Азық-түлікке жатпайтын инфляция	Ақылы қызметтер инфляциясы
Қазақстан Республикасы	7,6	9,1	14,3
Ақмола	10,6	9,4	18,5
Ақтөбе	7,9	8,8	12,1
Алматы	8,1	5,8	11,0
Атырау	6,7	10,1	14,8
Батыс Қазақстан	7,4	9,0	19,1
Жамбыл	6,3	7,4	14,7
Қарағанды	10,1	10,3	16,1
Қостанай	6,3	8,8	12,9
Қызылорда	6,5	9,2	13,4
Маңғыстау	7,7	11,8	10,2
Павлодар	7,4	6,3	7,2
Солтүстік Қазақстан	7,8	11,2	11,5
Түркістан	6,3	15,2	8,7
Шығыс Қазақстан	8,5	9,3	13,5
Астана қ.	9,0	9,4	18,6
Алматы қ.	6,4	7,6	16,8
Шымкент қ.	7,2	7,4	11,2
Абай	8,5	10,3	10,8
Жетісу	7,9	6,7	12,8
Ұлытау	8,1	10,8	13,7

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

2025 жылғы наурызда елде **айлық инфляция 1,3%** болды. Айлық инфляцияның ең жоғары мәні Қарағанды облысында (2,4%) байқалды.

2-кесте. 2025 жылғы наурызда өңірлердегі айлық инфляция, %

Қазақстан Республикасы	1,3	Шымкент қ.	1,1
Қарағанды	2,4	Атырау	1,0
Шығыс Қазақстан	1,7	Қостанай	1,0
Ақмола	1,6	Қызылорда	1,0
Ұлытау	1,6	Солтүстік Қазақстан	1,0
Алматы қ.	1,5	Астана қ.	0,9
Алматы	1,4	Батыс Қазақстан	0,8
Түркістан	1,3	Жетісу	0,8
Абай	1,3	Ақтөбе	0,6
Жамбыл	1,2	Маңғыстау	0,4
Павлодар	1,2		

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ